

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«23» қаңтар 2017 жыл

### 2017 жылғы 1 қаңтардағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау

«БЖЗК» АҚ 2016 жыл үшін салымшыларға (алушыларға) жыл сайынғы міндетті хабарлау науқанына дайындықты бастады. Жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат ақысыз негізде берілетінін, ал ақпарат алу тәсілін салымшының (алушының) өзі белгілейтінін естеріңізге сала кетейік.

2,6 миллионға жуық адам интернет байланысы (сайт арқылы немесе ENPF ұялы қосымша) арқылы өткен жылға үзінді көшірме ала алады. 2 миллионға жуық салымшы (алушы) пошта байланысы арқылы, оның ішінде 206 349 адам электрондық мекенжайына үзінді көшірме алады. Сонымен қатар әрбір салымшының (алушының) өз зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗК-ға өзі барып, өтініш жасай отырып алуына болады.

Үзінді көшірмелер ЖЗШ ашу туралы өтініште, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта немесе хабарлау тәсілін өзгерту/анықтау туралы қосымша келісімде салымшы (алушы) көрсеткен мекенжайларға, оның ішінде электрондық мекенжайларға жіберілетінін айта кетейік.

Егер салымшы (алушы) тұрғылықты жерін ауыстырса және өткен жылдың 31 желтоқсанына дейін бұл туралы Қорға хабарламаса, онда пошта арқылы жіберілген 2016 жылға арналған үзінді көшірмесі БЖЗК-ға қайтарылады. Мұндай жағдайда БЖЗК қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес келесі жылға үзінді көшірмені жібермеуге құқылы болады.

Салымшының (алушының) Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы осындай өзгерістер болған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде белгіленген тәртіппен БЖЗК-ға хабарлауға міндетті екенін естеріңізге сала кетейік («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 39-бабының 4-тармағының 1-тармақшасы). Егер тиісті хабарлау тәсілі таңдап алынған болса, оған электрондық және пошталық мекенжайлардың өзгеруі жатады.

Егер ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салымшының (алушының) ЖЗШ-сында қаражаты жоқ болса немесе ол хабарлау тәсілін таңдамаған болса, БЖЗК оған өткен жыл үшін зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат жібермейді. Бүгінгі күні 1,6 миллионға жуық салымшы (алушы) хабарлау тәсілін белгілемегендіктен үзінді көшірме алмайды.

БЖЗК мамандары салымшыларға өздерінің дербес деректерін өзектендіру және/немесе жаңа хабарлау тәсілін таңдау үшін Қордың дербес қызмет көрсету орталықтарына барып өтініш білдіруге кеңес береді.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің*

*«Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін жүргізуді, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)